Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Орындаушы _____ елінің заңнамасына сәйкес тіркелген тұлға болып табылады, салықтық тіркеу нөмірі: _____. Орындаушы Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде келесі ақпаратты растайтын құжаттарымен бірге ұсынуға міндетті: Орындаушы компанияның басшысы және Орындаушы компанияның құрылтайшысы. Ұсынылған ақпарат өзгерген жағдайда, Орындаушы мұндай өзгерістен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге жаңартылған ақпарат пен сәйкес растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті. (Осы тармақ Қазақстан Республикасының резиденті емес Орындаушылар үшін толтырылады).

1.3. Орындаушы Шартқа қол қойылған сәтте келесі салық режимін қолданады: _____ (қолданыстағы салық режимін көрсету, мысалы: жалпы белгіленген салық салу тәртібі, қарапайым декларацияға негізделген арнайы салық режимі және т.б.) (осы тармақ Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында көзделген нақты салық режимін қолданатын Орындаушылар үшін толтырылады). Шарттың күшінде болу кезеңінде қолданылатын салық режимі өзгерген жағдайда, Орындаушы мұндай өзгеріс болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге міндетті. Орындаушы салық режимінің өзгергені туралы Тапсырыс берушіні хабардар етпеуге байланысты, оның ішінде мүмкін болатын салықтық тәуекелдер, айыппұлдар, өсімпелер және көрсетілген ақпаратты ұсынбаудан туындаған басқа да салдарларға жауапты болып табылады. Мұндай салдарлар анықталған жағдайда, Орындаушы Шарт шарттарына сәйкес Тапсырыс берушіге барлық шығындарды өтеуге міндетті.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Орындаушы Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, соның ішінде Шарт жасалған кезде көрсетілетін Қызметтердің толық көлемін немесе оған қажетті шығыстарды көздеу мүмкіндігі болмаған жағдайда да. Егер Шартта есепке алынбаған, бірақ Қызметтерді аяқтау үшін қажетті Қызметтер көлемі анықталса, Орындаушы Шартқа қосымшаларда ескерілмеген осы қызметтерді өз күшімен және мүмкін болатын ең қысқа мерзімде, Шарт сомасын ұлғайтпай, Орындаушының күтпеген шығыстары есебінен орындайды. Кез келген жағдайда, Орындаушыда Тапсырыс берушіден жоғарыда аталған қызметтердің анықталған көлемін орындауға жұмсалған шығыстарды өтеуді талап ету құқығы туындамайды.

2.1.2. Орындаушының нақты шығыстары бағаны айқындау (смета жасау) кезінде ескерілген шығыстардан аз болған, ал Орындаушы алған үнемделген қаражат көрсетілген Қызметтердің сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші мұндай үнемделген қаражатты Тараптар арасында тең бөлуді талап етуге құқылы.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Аралық төлем көзделген шарттар үшін:

2.3.1.1. Орындалған Қызметтер көлемінің [Пайызды көрсетіңіз] ([жазбаша])% мөлшеріндегі төлем Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған, Қызметтер көрсету/Қызметтер көрсетудің кезекті кезеңі бойынша Қызметтер көрсету актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, соның негізінде шот-фактура/төлем шоты (инвойс) жазып берілген. Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында Шарт нөмірі көрсетілуі тиіс.

2.3.1.2. Орындалған Қызметтер көлемінің [Пайызды көрсетіңіз] ([жазбаша])% мөлшеріндегі төлемді Орындаушы Шарт бойынша

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

міндеттемелерді 100 (жүз)% орындағаннан кейін, Шарттың 2.4-тармағында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады.

2.3.2. Егер Шартқа №1-Қосымшада алдын ала төлем көзделсе, онда мұндай алдын ала төлем Орындаушы төлем шотын және Шартта айқындалған аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейінгі қолданылу мерзімімен аванстық төлемді (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну міндеттемесі, егер ол Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Орындаушыға қолданылмайды. Аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз етуді Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ұсынбаған жағдайда, Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші аванстық төлемей жүргізеді. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Қызметтер көрсету актісі;

2.4.3. Акт_____ (қажет болған жағдайда, Қызметтер көрсету кезінде оларды ресімдеу талап етілсе, өзге де актілерді көрсету, мысалы: залалсыздандыру актісі және кәдеге жарату актісі және т.б.);

2.4.4. Шот-фактура;

2.4.5. Өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде ресімделеді).

2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Шот/Шот-фактура Қызметтер көрсету актісі негізінде жазып беріледі және ҚР салық заңнамасына сәйкес өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте және Қызметтер көрсету актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей қойылуы (күні көрсетілуі) тиіс.

2.7. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толығымен немесе ішінара даулаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыға дереу хабарлауы тиіс, ал Орындаушы дауды Тапсырыс берушінің пайдасына шешкеннен кейін, соманың дауланбайтын бөлігіне жаңадан шот ұсынуы тиіс. Тапсырыс беруші мен Орындаушы дауланған сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

2.8. Кез келген шот-фактураға ақы төлеу, ақы төлемеу немесе төлеуге қарсы болу фактісі, кез келген дауды реттеу кезіндегі кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Орындаушының шот-фактураларын танығанын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем, оның шотта көрсетілген кез келген соманың негізділігін одан әрі даулау құқығы сақталған жағдайда жүргізіледі.

2.9. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу жүзеге асырылғанға дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісіне қол қояды. Орындаушы Тапсырыс берушіден алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісіне қол қойып, Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді.

2.10. Орындаушымен есеп айырысу кезінде Орындаушы Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге тиісті соманы: - Тапсырыс берушінің алдында Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші қоятын айыппұл санкциялары және/немесе шығындар сомасына; - төленген аванстарға; - Орындаушының Тапсырыс берушіге төлеуге тиісті кез келген берешегіне бір жақты тәртіппен азайтуға (өзара есепке алуды жүргізу тәртібімен) құқылы екендігімен келіседі.

2.11. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, ҚР Азаматтық кодексінде айқындалғандай, Орындаушыға көрсетілген Қызметтер үшін төленуге тиісті берешекті өтейді.

2.12. Осы Шарт бойынша Орындаушының ҚР ішіндегі шотына ақша аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші, ал ҚР шегінен тыс жерде ақша аудару бойынша барлық өзге шығыстарды, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, корреспондент-банктердің банктік комиссияларын Орындаушы көтереді. Тапсырыс берушінің шотына ақша аударуға байланысты барлық шығыстарды Орындаушы көтереді.

2.13. Тапсырыс беруші құжаттар топтамасын, оның ішінде өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісін, тиісінше ресімдемеуіне

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

және/немесе уақтылы ұсынбауына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.14. Шарт бойынша төлем ____ арқылы Шарттың 18-бөлімінде көрсетілген Орындаушының есеп шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізіледі.

2.15. Тапсырыс беруші мен Орындаушының банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар мұндай өзгеріс болған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы бір-біріне алдын ала хабарлайды. Егер жоғарыда көрсетілген хабарлама мерзімін бұзу немесе Орындаушының төлем үшін деректемелерді дұрыс көрсетпеуі нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жасалса, Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерді тиісінше орындады деп есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша Тапсырыс берушінің есеп шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші дұрыс емес деректемелер бойынша ақша аудару нәтижесінде шеккен қосымша шығыстар сомасын бір жақты тәртіппен ұстап қалып, алынған ақшаны Орындаушыға аударуға міндетті.

2.16. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, төлем Орындаушы осы Шартқа Қосымша №10 «Төлем шотының/инвойстың нысаны» арқылы белгіленген нысан бойынша ұсынған төлем шоты/инвойсы негізінде (шот-фактура ресімделместен), Қазақстан Республикасының Салық кодексімен белгіленген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен ұсталып қалатын корпоративтік табыс салығы шегеріліп жүзеге асырылады. Бұл ретте, Орындаушының: - егер қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтарудың алдын алу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерінде Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент еместің табысына салық салудың өзге ережелері көзделсе, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасын Қазақстан Республикасының бюджетінен өз бетінше қайтаруды жүзеге асыруға; немесе - Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, Орындаушының резиденттігі елінде есепке алу мақсатында салық органынан Қазақстан Республикасының көздерінен алынған табыстар және ұсталған (төленген) салықтар сомалары туралы анықтама алуға құқығы бар. Салық органынан анықтаманы Тапсырыс беруші де салық агенті ретінде ала алады. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау туралы қолданылатын халықаралық шарттардың (бұдан әрі – Конвенциялар) ережелерінде, егер ол қолданылса, салық базасының шайылуына және пайданы салық салудан шығаруға қарсы іс-қимыл мақсатында салық келісімдеріне қатысты шараларды орындау жөніндегі Көпжақты конвенцияны (бұдан әрі – MLI) ескере отырып көзделген тәртіппен, белгілі бір талаптар мен өлшемдерді орындау негізінде Тапсырыс беруші Орындаушының табыстарын Қазақстан Республикасында салық салудан босату не оларға төмендетілген мөлшерлемені қолдану туралы шешімді өз бетінше қабылдауға құқылы.

2.17. Тапсырыс берушінің Конвенция ережелерін MLI-ді ескере отырып (егер ол қолданылса) қолдану мүмкіндігін қарау мақсатында Орындаушы Тапсырыс берушіге ақпарат пен растайтын құжаттарды: a) Шарт жасалған күніне, сондай-ақ көрсетілген Қызметтердің әрбір актісімен бірге Шартқа №13 «Сауалнама парағы» және №14 «Қызметкерлер туралы ақпарат беру нысаны» қосымшаларына сәйкес ұсынады; b) Шарт жасалған күніне № 15, 16, 17 «Анкеталар» қосымшаларына сәйкес ұсынады. Бұл ретте, Орындаушы ақпарат пен растайтын құжаттарды: егер резидент емес Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылса, оған MLI ережелері қолданылмайтын болса, № 15-қосымшаға; егер резидент емес Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылса, оған MLI ережелері қолданылатын және негізгі мақсатқа міндетті тестті (principal purpose test немесе қысқаша «PPT») жүргізуді көздейтін болса, №16-қосымшаға; егер резидент емес Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылса, оған MLI ережелері қолданылатын және екі міндетті тестті: негізгі мақсатқа тестті (principal purpose test немесе қысқаша «PPT») және салық жеңілдіктерінің жеңілдетілген шектеуін (simplified limitation of benefits немесе қысқаша «SLoB») жүргізуді көздейтін болса, №17-қосымшаға сәйкес толтырады және ұсынады. Тапсырыс беруші қажет болған жағдайда, MLI ережелерін қолдануды ескере отырып, Конвенция шеңберінде Шартқа № 15, 16, 17-қосымшаларда көрсетілмеген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Жоғарыда көрсетілген ақпарат пен растайтын құжаттар өзгерген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге жаңартылған № 15, 16, 17-қосымшаларды және тиісті растайтын құжаттарды мұндай жаңарту болған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, бірақ төлем күнінен немесе көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар актісінің күнінен кешіктірмей, осы екі күннің қайсысы кеш болса, сол күні ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Тапсырыс беруші Орындаушының ақпараты мен растайтын құжаттары негізінде Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісін тексереді. Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісі анықталған кезде, сондай-ақ Орындаушы Шартқа көрсетілген қосымшаларға сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынбаған/толық ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Конвенция ережелерін төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану немесе Орындаушының Қазақстан Республикасындағы табыстарын босату бөлігінде қолдануға құқылы емес және Орындаушыға табысты төлеу кезінде табыс салығын Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес мөлшерлеме бойынша ұстап қалады.

2.18. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жеке тұлғалар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар, олар Орындаушының қызметкерлері және (немесе) мердігерлері (субмердігерлері), не болмаса Орындаушы Шарт шеңберінде тартқан мердігерлердің (субмердігерлердің) қызметкерлері (бұдан әрі – Қызметкер(лер)) болып табылған жағдайда, ағымдағы салықтық кезең үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын тұлғалар ретінде танылады, егер олар Қазақстан Республикасының аумағында кез келген өзара жалғасатын он екі айлық кезең ішінде (осы Шартқа қол қойылған жылы; осы Шарт қолданылатын жылы; Көрсетілген Қызметтер Актілеріне қол қойылған жылы аяқталатын) келу және кету күндерін қоса алғанда, жүз сексен үш күннен кем емес уақыт болған болса. Мұндай Қызметкерлердің табыстарына Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жеке табыс салығы (бұдан әрі – ЖТС) салынады. Қызметкерлердің табыстарынан ЖТС-ты уақтылы және толық көлемде ұстап қалу үшін жауапкершілік салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың келесі тармақшаларында белгіленген тәртіппен орындалады.

2.18.1. Қызметкердің табысынан ЖТС есептеу мөлшері Қызметкер мен Орындаушы арасында жасалған жеке еңбек шарты (контракт) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шартта көрсетілген табыс сомасының 10% мөлшерлемесі бойынша жүргізіледі. Осы ретте Орындаушы Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті: - Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Қызметкермен жасалған жеке еңбек шартының (контрактінің) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесін; - Орындаушының резиденттігі мемлекетінің заңнамасында көзделген, Қызметкердің еңбек шарты және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде алатын табыстары туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжатты. - ЖТС Тапсырыс беруші тарапынан Орындаушыға табыс төлеу күнінен кешіктірілмей есептеледі және ұсталады.

2.18.2. Орындаушы 2.18.1-тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Шарт құнының 80 пайызы ЖТС салуға жатқызылады.

2.18.3. Орындаушы осы Шарт бойынша табыс төлеу сәтінде, Шарттың 2.18.1 және 2.18.2-тармақшаларында көрсетілген ЖТС-ты есептеу және ұстап қалу Тапсырыс беруші тарапынан жүргізілмейді, егер Орындаушы Шарттың 7.8-тармағында көрсетілген кепілдікті ұсынған жағдайда.

2.18.4. Орындаушы Шарттың 7.8-тармағында көзделген мерзімде және нысан бойынша кепілдік ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша әрбір Қызмет үшін төлем жасау кезінде Шарттың 2.18.2-тармақшасына сәйкес есептелген Қызметкерлердің ЖТС-ына төлеуге жататын соманы ұстап қалады.

2.18.5. Орындаушы барлық Қызметкерлер бойынша мәліметтерді көрсетіп, Приложение № 11-де белгіленген нысан бойынша ақпаратты, сондай-ақ жеке тұлғаның фотосуреті мен дербес деректері көрсетілген паспорт беттерінің көшірмелерін (Қызметкерлердің жеке басын куәландыратын заңмен көзделген өзге де құжаттардың көшірмелерін), сондай-ақ Қазақстан Республикасының шекарасынан өткендігі туралы шекаралық бақылау-өткізу пунктінің белгілері қойылған беттердің көшірмелерін және Қызметкерлердің Қазақстан Республикасында болу уақытын растайтын өзге де құжаттарды мынадай мерзімдерде Тапсырыс берушіге ұсынады: (1) Шартқа қол қою сәтінде (ақпарат шарт жасалған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап шарт жасалған күнге дейінгі деректерді қамтуы тиіс); (2) әрбір Қызметтер көрсету актісіне қол қойылған күніне (ақпарат Қызметтер көрсету актісіне қол қойылған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап Қызметтер көрсету актісіне қол қойылған күнге дейінгі деректерді қамтуы тиіс). Көрсетілген құжаттар Тапсырыс берушіге әрбір Қызметкердің Қазақстан Республикасының аумағында ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбекті он екі айлық кезеңде 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болу/болмауын анықтау және ЖТС сомасын анықтау үшін ұсынылады.

2.18.6. Ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген өзара жалғасатын он екі айлық кезең ішінде (келу және кету күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күн болған барлық Қызметкерлер бойынша, Көрсетілген Қызметтер Актімен қатар Шарттың 2.18.1-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

2.18.7. Осы Шарттың 2.18.4-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы соңғы Көрсетілген Қызметтер Актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Орындаушыға толық немесе ішінара қайтарылуы мүмкін, Шарттың 2.18.1 және 2.18.5-тармақшаларына сәйкес берілген ақпарат пен құжаттар негізінде. Тапсырыс беруші қайтарылатын ЖТС сомасын Шарттың 2.18.8-тармақшасында көрсетілген формула бойынша, Шарт аяқталған күні келесі шарттар бір мезгілде орындалған кезде анықтайды: (1) барлық Қызметкерлер бойынша Шарттың 2.18.5-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылған; (2) Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбекті он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша, Шарттың 2.18.1-тармақшасында көрсетілген құжаттар белгіленген көлемде және белгіленген мерзімде ұсынылған.

2.18.8. Қайтарылатын ЖТС сомасы келесі тәртіппен анықталады: ЖТБқайт = ЖТБұс – ПДР*10%, мұндағы ЖТБқайт– Орындаушыға қайтарылуға жататын ЖТС сомасы, ЖТБұс – Шарттың 2.18.1.-тармақшасына сәйкес ұсталынған ЖТС сомасы, ПДР – егер осы табыстар Шарттың 2.18.4-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталса, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбекті он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн болған (келу және кету күндерін қоса алғанда) барлық Қызметкерлердің табыстары. Табыс сомасы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болған күнтізбелік күндер саны үшін анықталады.

2.18.9. Орындаушы Шарттың 2.18.1 және 2.18.5-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ осы Шарттың осы тармағының 2.18.5-тармақшасына сәйкес берілген құжаттар негізінде Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген бір Қызметкердің де ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген өзара жалғасатын он екі айлық кезеңде (келу және кету күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасында 183 күн немесе одан көп уақыт болғаны анықталса, және ол бойынша 2.18.1-тармақшасына сәйкес құжаттар ұсынылмаған болса, Тапсырыс беруші 2.18.4-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасының барлығы Орындаушыға қайтарылмайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне аударылады.

2.19. ҚР заңнамасы салықтарға, баждарға және бюджетке өзге де төлемдерге қатысты өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.20. Осы Шарттың Қазақстан Республикасының Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелеріне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартпен Қазақстан Республикасының Салық кодексінде қамтылғаннан өзге ережелер белгіленсе, көрсетілген шарттың ережелері қолданылады.

2.21. Осы арқылы Орындаушы «Самұрық-Қазына» АҚ кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартымен танысқанын және оның талаптарын қабылдайтынын растайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Қызметтер көрсету мерзімдері Шартқа №4-қосымшамен, ал Қызметтерді көрсету шарттары, көлемі мен орны осы Шартқа №1 және №2-қосымшалармен айқындалады, бұл ретте Орындаушы күнтізбелік кестеде көзделген Қызметтерді көрсету басталған күннен немесе кезеңінен бастап [Күнтізбелік күндер саны] ([жазбаша]) жұмыс күнінен кешіктірмей Қызметтер көрсетуді бастауға міндетті.

3.2. Егер Орындаушы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың сыртқы аудиторы болып табылса, онда Орындаушы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит комитетінен қызметті көрсетуге рұқсат ұсынуға міндетті. Белгіленген мерзімде тиісті рұқсат ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіпте орындаудан бас тартуға құқылы.

3.3. Қызметтерді Тапсырыс беруші Шартқа №1, №2 және №4-қосымшаларға сәйкес Қызметтер көрсету актісімен көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Қызметтер көрсетілген күн болып Тапсырыс берушінің Қызметтер көрсету актісіне қол қойған күні есептеледі.

3.4. Шарт бойынша Қызметтер көрсету басталғанға дейін, Орындаушы өзі және өзінің қосалқы орындаушылары үшін Қызметтер көрсету үшін Тапсырыс берушінің аумағына Рұқсат-жолдама алуға міндетті. «Рұқсат-жолдама» Орындаушыға (қосалқы орындаушыға) Қызметтер көрсету үшін Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіру құқығын беретін және Орындаушының (қосалқы орындаушының) жабдықталуының Шартта белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжатты (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша) білдіреді.

3.5. Рұқсат-жолдаманы алу үшін Орындаушы осы Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес, Орындаушының Шарт бойынша барлық талаптарға жабдықталуын растайтын барлық құжаттарды, оның ішінде құрылтай құжаттарының және қосалқы орындаушы қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құжаттардың, рұқсат құжаттарының, оның ішінде лицензиялардың, көрсетілетін Қызметтерге арналған сертификаттардың, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттардың және Шарт бойынша Қызметтерді орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат құжаттарының көшірмелерін, оның ішінде (қажет болған жағдайда) Тапсырыс берушіге Орындаушының жабдықталуының Шарт бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру үшін Орындаушының өндірістік базасына кіруін ұсынады. Құжаттар ұсынылмаған және/немесе тексеру қорытындылары бойынша Орындаушы мәлімделген жабдықталуын растамаған кезде, Рұқсат-жолдамадан Тапсырыс берушінің жазбаша жауабымен сәйкессіздіктерді жойғанға дейін Орындаушыға бас тартылады, бұл ретте Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапты болады. Тапсырыс беруші сондай-ақ осы Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Түпкілікті Қызметтер көрсету актісімен бірге Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне (санына) Шартқа № 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады) ішкі нарықтағы құн есебін ұсынуға. Егер Шарт ұзақ мерзімді болса (он екі айдан астам мерзімге жасалған не қызметтерді орындау мерзімі келесі күнтізбелік жылға ауысса), Орындаушы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың қаңтар айының 20-на қарай алдыңғы күнтізбелік жыл үшін көрсетілген Қызметтер көлеміне ішкі нарықтағы құн үлесінің аралық нақты есебін/есебін ұсынуға міндетті;

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.5. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.9. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.10. Қызметтерді тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген тиісті жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен көрсетуге;

4.1.11. Ұзақ мерзімді шарт (бір жылдан астам мерзімге жасалған) бойынша орындалуын қамтамасыз ету тиісті жылға немесе ұзақ мерзімді Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне ұсынылуы тиіс;

4.1.12. Банктік кепілдік келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

4.1.12.1. Банктің атауы;

4.1.12.2. Банктік кепілдіктің (кепілдік міндеттеменің) нөмірі;

4.1.12.3. Банктік кепілдіктің күні;

4.1.12.4. Орындаушының атауы;

4.1.12.5. Шарттың нөмірі мен күні;

4.1.12.6. Шарттың мәні;

4.1.12.7. Банктік кепілдіктің сомасы;

4.1.12.8. Банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі.

4.1.13. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді оның Шарт бойынша немесе тиісті жыл бойынша (егер ұзақ мерзімді шартта тиісті жылға шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда) өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады. Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан ұстап қалу Тапсырыс берушінің Орындаушыға Шарттық міндеттемелердің орындалуын бұзуға көрсетуімен мұндай ұстап қалу туралы хабарлама жіберген сәттен бастап 10-күндік мерзім өткеннен кейін жүргізілетінімен келіседі. Ұстап қалудан кейін қалған Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы Орындаушыға оның Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған, сондай-ақ Шарттың талаптарын жіберілген және жойылуы мүмкін бұзушылықтарды жойған күнінен бастап (мұндай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда) Қордың Сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілері) тізбесіне енгізілмей, 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Бұл ретте, Орындаушы айыппұл санкцияларының толық сомасын Тапсырыс беруші сотқа талап-арыз бергенге дейін ерікті түрде төлеген не Тапсырыс беруші Орындаушыға төленуге тиісті сомадан берешекті Шарттың талаптарына сәйкес бір жақты тәртіппен ұстап қалған жағдайда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Тапсырыс беруші ұстап қалмайды және Орындаушы Қордың Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді. Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға немесе тоқтатылғанға дейін енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге тұтастай немесе ішінара үшінші тұлғаларда талап ету құқығының туындауына алып келетін әрекеттерді жасауына жол берілмейді;

4.1.14. Шарттың талаптарына және оған қосымшаларға сәйкес Қызметтерді тиісінше және уақтылы көрсетуді қамтамасыз етуге;

4.1.15. Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін біліктілігі, тәжірибесі және құзыреттілігі осы Шарт бойынша Орындаушының міндеттерін тиісінше орындауға мүмкіндік беретін мамандарды тартуға, сондай-ақ: - Қазақстан Республикасында қолданыстағы стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкес келетін, тиісті сападағы материалдар мен жабдықтарды пайдалануға, оның ішінде материалдар мен жабдықтарды тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстары кезінде сақталуын қамтамасыз етуге; - Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану үшін кез келген міндеттемелер мен ауыртпалықтардан бос (Қызметтер нәтижесінің құрамында Тапсырыс берушіге берілетін материалдар мен жабдықтарға қатысты) болуға;

4.1.16. Тартылған шетелдік персоналға қатысты қазақстандық персонал үшін еңбек жағдайлары мен ақы төлеудің теңдігін қамтамасыз етуге, оның ішінде:

4.1.16.1. Орындаушының, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын қосалқы орындаушыларының қызметкерлері мен шетел азаматтары арасында кемсітушілікке, оның ішінде еңбекақы төлеу саласында жол бермеуге;

4.1.16.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған Орындаушы мен оның қосалқы орындаушылары қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы, олардың азаматтығын көрсете отырып, ақпарат ұсынуға;

4.1.17. Шарттық міндеттемелерді Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде орындау кезінде Орындаушы қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің кіру және объект ішіндегі режимі талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.18. Шартта көзделген Қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген нысанға сәйкес Қызметтер көрсету актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге;

4.1.19. Орындаушы Қызметтер көрсету үшін қосалқы орындаушыларды Шарт шеңберінде тартқан жағдайда, мұндай қосалқы орындаушыларды ескере отырып, көрсетілген Қызметтердегі ішкі нарықтағы құн үлесі туралы есепті ұсынуды қамтамасыз етуге;

4.1.20. Қызметтердегі ішкі нарықтағы құн үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дәйектілігіне кепілдік беруге;

4.1.21. Тапсырыс беруші алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес, оның ішінде Шартта көзделген барлық Қызметтерді уақтылы және сапасыз орындамағаны үшін, Қызметтерді орындаудың күнтізбелік кестесіне (№4-қосымша) және техникалық ерекшелікке (№2-қосымша) сәйкес орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болуға;

4.1.22. Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, Қызметтерді өз күшімен, сондай-ақ қосалқы орындаушылардың күшімен және құралдарымен (егер қосалқы орындаушыларды тарту шарттары тендерлік құжаттамада және тендерге қатысуға арналған өтінімде және/немесе Шартқа қосымша болып табылатын техникалық ерекшелікте көзделсе); тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен; өз материалдарымен және құралдарымен (құрал-саймандар және механизмдер, көлік, арнайы техника, құрылғылар, ЖЖМ және т.б.) орындауға. Қызметтер Орындаушымен қолданыстағы нормалар мен ережелердің, техникалық шарттардың талаптарын сақтай отырып, Қызметтер аяқталғаннан кейін өз қосалқы жабдықтарын жұмыс алаңынан шығару арқылы орындалуы тиіс;

4.1.23. Орындаушының (қосалқы орындаушылардың) қызметкерлерін тасымалдауды, олардың тұруын және тамақтануын Шартты орындау кезінде, сондай-ақ егер Шартта өзгеше белгіленбесе, техниканы, жабдықтар мен материалдарды кез келген орналасқан жерінен Қызметтер көрсету орнына дейін және кері қарай жұмылдыруды және жұмылдыруды тоқтатуды өз есебінен қамтамасыз етуге. Өз жабдықтарын, техникасын жақсы жарамды жай-күйде ұстауға және Қызметтер көрсету орнында кез келген уақытта қосалқы бөлшектердің, жабдықтар мен Орындаушы материалдарының жеткілікті қорының болуын қамтамасыз етуге;

4.1.24. Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз, тендерлік өтінімге сәйкес қосалқы орындауға рұқсат етілген беру көлемін қоспағанда, толық немесе ішінара ешкімге бермеуге;

4.1.25. Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге қосалқы орындаушыларды тартқан жағдайда, оларды тарту сәтінде Тапсырыс берушіге Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынуға. Қосалқы орындаушылардың болуы Орындаушыны Шарт бойынша материалдық немесе басқа да жауапкершіліктен, оның ішінде өндірістік, еңбек тәртібін және Тапсырыс берушінің ішкі ережелерін (Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, өткізу режимін және жатақханаларда тұруды және т.б.) бұзғаны үшін босатпайды. Тапсырыс беруші қосалқы орындаушының Орындаушымен жасалған шартты бұзуына байланысты қосалқы орындаушыға талап қоюға құқылы;

4.1.26. Егер Тапсырыс беруші Орындаушының немесе қосалқы орындаушының қызметкері болып табылатын тұлғаны Қызметтерді орындаудан шеттетуді сұраса, бұл ретте объективті себептерді көрсете отырып, Орындаушы бұл тұлғаны Қызметтер көрсетуден шеттетуге және Тапсырыс берушінің аумағынан 72 сағат ішінде шығаруға міндетті, одан кейін бұл тұлғаның осы Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге ешқандай қатысы болмауы тиіс;

4.1.27. Шартты орындау үшін қажетті барлық қолданылатын материалдарды, жабдықтарды, көлік құралдарын және арнайы техниканы пайдаланбас және пайдалану алдында Тапсырыс берушімен келісуге;

4.1.28. Пайдаланылатын материалдардың/қосалқы бөлшектердің/бүтіндеуші бөлшектердің, конструкциялардың, жабдықтардың сапасы үшін толық жауапты болуға және оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда ауыстыруға және/немесе Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасынан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ақауды өз есебінен жоюға;

4.1.29. Көрсетілетін Қызметтердің сапасын бақылауды жүргізуге, көрсетілетін Қызметтердегі кемшіліктердің алдын алу және оларды жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

4.1.30. Тапсырыс берушінің аумағында, оның ішінде құрылыс және жұмыс алаңдарында орналасқан, Шартты орындау үшін қажетті материалдардың, жабдықтардың, құрал-саймандардың, көлік құралдарының және арнайы техниканың және т.б. сақталуын (оның ішінде Қызметтер көрсету орнында ұзақ уақыт болатын) өз есебінен қамтамасыз етуге, сондай-ақ нәтижені Тапсырыс беруші қабылдағанға дейін Қызметтер нәтижесінің сақталуын қамтамасыз етуге;

4.1.31. Қызметтер көрсету барысында Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге;

4.1.32. Тапсырыс берушінің аумағында табылған, тарихи, археологиялық, геологиялық немесе басқа да қызығушылықтарды білдіретін, оның ішінде құндылықтары бар кез келген олжалар туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға және оларды Тапсырыс берушіге акт бойынша беруге. Кез келген олжалар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады;

4.1.33. Тапсырыс берушіге бұрыннан орындалған Қызметтер туралы нақты және толық ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ Қызметтердің жинақтау ведомосын, барлық атқарушы және есепті құжаттаманы жүргізуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.34. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуге;

4.1.35. Шот-фактуралар мен көрсетілген Қызметтер актілерін уақтылы ұсынуға;

4.1.36. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің талаптарынан төмен емес көрсетілетін Қызметтердің тиімділік деңгейіне кепілдік беруге;

4.1.37. Өз есебінен көрсетілетін Қызметтер бойынша тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыруға, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді өндірістегі жазатайым жағдайлардан және кәсіптік аурулардан, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, оның ішінде қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарын жою бойынша шығындарды, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды;

4.1.38. Тапсырыс берушінің аумағында Шарттың талаптарын, өнеркәсіптік, экологиялық, санитариялық, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы, оның ішінде Шартқа №5-қосымшада көзделген талаптарды сақтауға, Қызметтерді Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі регламенттеуші құжаттарға сәйкес көрсетуге, Тапсырыс берушінің аумағында барлық қауіпсіздік шараларын өз есебінен орындауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қызметтер көрсету кезінде жоғарыда аталған талаптарды сақтамағаны үшін толық жауапкершілікте болуға. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Орындаушыға Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін немесе оның Қызметтерінің көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп есептейтін Қызметтермен шектелуі мүмкін, бұл ретте Орындаушы Қызметтерді тиісінше және/немесе уақтылы орындамағаны үшін жауапты болады;

4.1.39. Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезінде жіберілген бұзушылықтар үшін толық жауапкершілікте болуға, сондай-ақ Орындаушы және/немесе қосалқы орындаушылар жіберген заңнама бұзушылықтары үшін Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салатын кез келген өндіріп алуды (оның ішінде айыппұл санкцияларын) толық көлемде өтеуге, бұл экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық салдарды толық жоюды, оның ішінде табиғи ресурстарды қалпына келтіруді жүргізуге;

4.1.40. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Орындаушы/қосалқы орындаушы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауын аудиттеуді (ішкі бақылауды) үнемі жүргізуге;

4.1.41. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін рұқсат құжаттамасын (оны алу қажет болған жағдайда), сондай-ақ уәкілетті органдардың талаптарына байланысты барлық шығыстарды өз бетінше көтеруге, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: - көрсетілетін Қызметтерге лицензиялар, сертификаттар; - шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар; - Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге байланысты Орындаушының кез келген құралды, жабдықты, технологияны ұсынуы немесе орындауы нәтижесінде немесе соның салдарынан туындауы мүмкін кез келген құқықтарға және құралдарға, жабдықтарға, технологияға не оларды пайдалануға немесе жасауға басым құқықтарға қатысты кез келген патент ұстаушылар мен лицензиаттардың талаптарына байланысты шығыстарды. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; - Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін талап етілетін, оның ішінде аурулардың таралуының эпидемиологиялық ауқымымен күресуге бағытталған іс-шараларға байланысты өзге де рұқсат құжаттарын алуды;

4.1.42. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуына байланысты кез келген (дәйекті) ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Қызметтер көрсетуге қатысты іс-қимылдардың мәртебесі бойынша ақпарат пен растайтын құжаттарды (мысалы, Орындаушының Қызметтер көрсету үшін материалдарды алғанын растайтын актілердің көшірмелерін және т.б.); Орындаушының (қосалқы орындаушылардың) жұмыс істейтін персоналының біліктілік құрамы бойынша; Қызметтерге тартылатын көлік құралдары, арнайы техника, жабдықтар және олардың құқық белгілейтін және рұқсат құжаттары, қолданылатын құрылыс және өзге де материалдар, сондай-ақ Орындаушының шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігі бойынша ақпаратты ұсынуға;

4.1.43. Тапсырыс берушіге дереу ескертуге және анықтаған кезде оның нұсқауларын алғанға дейін Қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға: а) Тапсырыс берушінің Қызметтер көрсету тәсілі туралы нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін қолайсыз салдары болуы мүмкін болған; б) Қызметтерді одан әрі көрсетудің теріс нәтижесі немесе орынсыздығы болған; в) көрсетілетін Қызметтер нәтижелерінің жарамдылығына немесе сапасына қатер төндіретін немесе оларды мерзімінде орындау мүмкін еместігін тудыратын, Орындаушыға тәуелді емес өзге де мән-жайлар болған кезде. Қызметтерді орындауды жалғастырудың орындылығы туралы мәселені Тараптар Қызметтерді тоқтата тұру туралы хабарламаны Тапсырыс беруші алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешеді;

4.1.44. Шарт жасалған сәттен бастап Тапсырыс берушімен келісілген мерзімдерде Қызметтерге тартылатын барлық көлік құралдарын техникалық құралдармен (GPS терминалдарымен) жабдықтауды қамтамасыз етуге. Орындаушының көлік құралдарына орнатылатын GPS терминалдары Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS мониторингі жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес келуі тиіс (техникалық шарттарды Тапсырыс беруші Орындаушының сұрау салуы бойынша ұсынады). Осы Шарт тармағының талаптарына сәйкес келмейтін көлік құралына Тапсырыс берушінің кен орындарының аумағына кіруден бас тартылуы мүмкін, бұл ретте Орындаушы Шарт бойынша Қызметтерді тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін жауапты болады;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.45. Үшінші тұлғаларда Шарт бойынша Тапсырыс берушіге берілген Қызметтер нәтижелеріне және тиісінше олар бойынша ақшалай талаптарға айрықша және өзге де құқықтардың болмауын қамтамасыз етуге. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсетілген Қызметтер нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтарды беруге міндеттенеді;

4.1.46. Орындаушы (қосалқы орындаушылар) қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің аумағы бойынша Шарт бойынша Қызметтер көрсетумен байланысты емес қозғалуына (жүріп-тұруына) жол бермеуге;

4.1.47. Орындаушы/қосалқы орындаушы қызметкерлерін ауысым алдында медициналық тексеруден өткізуді өз есебінен қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында уақытша құрылыстарды (вахталық кенттерді) орналастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын орындауға. Қауіпсіздік талаптарына: бейнебақылау жүйесінің, күзеттің немесе қауіпсіздікке жауапты тұлғаның болуы жатады;

4.1.48. Егер Шартта Қызметтерді жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына және Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы нормаларға сәйкес көрсету көзделсе, Орындаушы осы құжаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Қызметтерді орындауға міндеттенеді;

4.1.49. Шарт бойынша Қызметтер көрсету аяқталғаннан кейін не Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынған барлық заттарды (қағаз және электрондық жеткізгіштегі ақпаратты, құжаттаманы, сызбалар мен жоспарларды және т.б.) қайтаруға;

4.1.50. Қызметтер көрсету үшін қажетті отандық тауарларды, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілсе, сатып алуға;

4.1.51. Тапсырыс берушіге Шарт талаптарын тиісінше орындамаудан, сондай-ақ басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттерден келтірілген барлық шығындарды өтеуге. Құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген басқа үшінші тұлғалар Орындаушы орындаған Қызметтерге қатысты талап-арыз қойған жағдайда, соның нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынса немесе қандай да бір шығындар сомасы өндірілсе, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушіге осы айыппұлдың (өсімпұлдың) және шығындардың сомасын дереу өтеуі тиіс;

4.1.52. Орындаушы Шартта көзделген Қызметтерді салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып көрсетуге, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді есептеудің уақтылығы мен дұрыстығын, сондай-ақ салық есептілігін дұрыс жасауды және салық органына уақтылы ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті. Осы тармақты және Шарттың өзге де шарттарын Орындаушы дұрыс орындамаған жағдайда, соның ішінде жалған ақпарат ұсыну жағдайында, атап айтқанда (1) Орындаушы тарапынан жалған/қате ақпарат немесе құжаттар ұсынылған жағдайда, немесе (2) Орындаушының нақты табыс алушы мәртебесі немесе Конвенция мен MLI бойынша басқа қолданылатын шарттардың орындалуына қатысты берген кепілдіктерін бұзу жағдайында, немесе (3) салық органдары тарапынан осы Орындаушы үшін Конвенция бойынша салықтық жеңілдіктерді қолданудан бас тарту негіздерінің анықталуы жағдайында, сондай-ақ осыған байланысты Тапсырыс берушіге қосымша салықтар және айыппұлдар есептелген (есептелетін) жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабына сәйкес осыдан туындаған шығындарды, соның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұлдарды өтеуге міндетті. Шығындарды өтеу міндеттемесі Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап ету мерзімі бойы күшінде болады.

4.1.53. Егер камералдық бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулерді, сондай-ақ өзге де іс-шараларды жүргізу рәсімі шеңберінде мемлекеттік органдармен Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілері анықталса, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС артық сомасын қайтарудан бас тартылса, не оған салықтар қосымша есептелсе, Орындаушы Тапсырыс берушіге тиісті хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС артық сомасын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де қосымша есептелген салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген талап тікелей Орындаушының өзімен өзара қарым-қатынаспен шектелмейді, сонымен қатар Орындаушының қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растамауға, қосылған құн салығын қайтармауға және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге қойған қосымша салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеуге әкеп соққан өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады;

4.1.54. Тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Қызметтер көрсету барысы туралы ақпарат беруге, сондай-ақ көрсетілетін Қызметтердің көлемі мен сапасын растайтын қажетті құжаттаманы ұсынуға;

4.1.55. Егер залал белгіленген тәртіппен дәлелденсе және заңды күшіне енген сот актісімен расталса, Орындаушы қызметкерлері персоналының заңсыз іс-әрекеттерінен келтірілген залалды, оның ішінде қызметтік міндеттерін орындау кезінде де, олармен байланысты емес, соның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында болған кезде де 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтеуге. Залалды өтеу Орындаушының қаражаты есебінен, оның ішінде Тапсырыс берушінің Орындаушыға жасалған және қолданыстағы барлық шарттар бойынша төлеуге тиісті сомалар есебінен жүргізілуі тиіс. Осы тармақтың қолданылуы Орындаушының Қызметтерге тартқан және осы Шарт бойынша Орындаушы жауапты болатын барлық қосалқы орындаушыларға да қолданылады;

4.1.56. Қызметтер көрсету кезеңінде де, олар аяқталғаннан кейін де құрылыс және жұмыс алаңын тазалауды, барлық қалдықтар мен құрылыс қоқыстарын жинауды, әкетуді, кәдеге жаратуды өз есебінен қамтамасыз етуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.57. Мемлекеттік қадағалау органдарымен Қызметтер көрсету тәртібін, Тапсырыс беруші персоналын оқытуды, сондай-ақ жабдықтарды іске қосу және пайдалану үшін қажетті барлық құжаттарды (егер мұндай жұмыстар Шартта көзделсе) келісуге, одан кейін оларды Тапсырыс берушіге беруге;

4.1.58. Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағына көлік құралдары, арнайы техника және персонал кірген/шыққан, сондай-ақ орын ауыстырған/болған кезде Тапсырыс берушіге және/немесе оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар / күзет қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген жүріп-тұруға арналған рұқсат қағазын (рұқсат қағаздарын), сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың талабы бойынша Тапсырыс берушінің және/немесе оның өкілінің (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/күзет қызметтері) Орындаушының көлік құралдары мен арнайы техникасына, оның ішінде тиісті құжаттарға толық тексеру жүргізу құқығын ұсынуға. Жүргізуші жоғарыда аталған талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге кіргізбеуге, сондай-ақ құқық бұзушылық, Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында қылмыс анықталған жағдайда, аумақтан шығарып жіберуге немесе ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы;

4.1.59. Қызметтер көрсету актісімен бірге Шартта көзделген өзге де актілерді, оның ішінде қалдықты кәдеге жаратуды растайтын залалсыздандыру және кәдеге жарату актісін, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем бойынша нотариат куәландырған салық декларацияларының көшірмелерін ұсынуға (егер Шарт қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсетуді көздесе);

4.1.60. Қызметтер көрсету кезеңінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді қажетті төлеуді жүргізуге (егер Шарт қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсетуді көздесе);

4.1.61. Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға;

4.1.62. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайын Тапсырыс берушіге Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы орындаушылар бойынша олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен аффилиирлену белгілерінің болуын көрсете отырып ақпарат ұсынуға. Тапсырыс беруші түпкі бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелгенін тексеруге құқығын өзінде қалдырады;

4.1.63. Ұзақ мерзімді Шарт (он екі айдан астам мерзімге жасалған) жасалған кезде, Орындаушы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету басталған күннен бастап бір ай мерзімде өз есебінен Қызметтерді орындауға тартылған Орындаушының/Қосалқы орындаушының (қосалқы орындаушылардың) басшылары мен инженер-техникалық қызметкерлерін «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша оқытуды ұйымдастыруға міндетті;

4.1.64. Егер Шарттың мәніне Қордың Сатып алу жөніндегі операторы Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (бұдан әрі-ҰКП) келісу бойынша бекіткен, орындалуы кезінде тауарларды сатып алу тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын Жұмыстар мен қызметтер тізбесінен жұмыстар кіретін болса, Орындаушы тиісті тізбеге енгізілген Қызметтерді көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Қызметтер шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлар тізбесін Қордың Сатып алу жөніндегі операторы ҰКП-мен келісу бойынша бекітеді. Осы тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда, Орындаушы міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, ол Орындаушымен төленуі немесе Тараптар тиісті (түпкілікті) Қызметтер көрсету актісіне қол қойғанға дейін Тапсырыс берушімен ұсталып қалуы мүмкін. Осы тармақта көзделген міндеттемені Орындаушының орындағанын растау, Орындаушының Тараптар тиісті (түпкілікті) Қызметтер көрсету актісіне қол қойған күнге дейін сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушісінен (тауар өндірушілерінен)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымнан (ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды қабылдау-тапсыру актілерінің көшірмесін (көшірмелерін) ұсынуы болып табылады. Орындаушы осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан тауардың бағасы, сипаттамалары мен жеткізу мерзімдері Шарттың талаптарында көзделген Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда босатылады. Баға Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге тауар өндіруші/жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйым ұсынған тауардың бағасынан төмен құны бар тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады;

4.1.65. Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне Орындаушының тендерлік өтінімінде көрсетілген жалақыларды Орындаушының тиісті қызметкерлеріне белгілеуге. Осы тармақта көзделген міндеттемені Орындаушының орындағанын растау, Орындаушының есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-сы күніне дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді-көшірмелерді тоқсан сайын ұсынуы болып табылады;

4.1.66. Әлеуметтік ахуалдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау шеңберінде, Шартқа Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес өзгерістер енгізген кезде, Шартты орындауға тартылған Орындаушы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қызметкерлерінің жалақылары мен әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарын тиісінше ұлғайтуды жүргізуге. Осы тармақта көзделген міндеттемені Орындаушының орындағанын растау, Орындаушының есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-сы күніне дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді-көшірмелерді, сондай-ақ Орындаушы қызметкерлерінің әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарының ұлғайғанын растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынуы болып табылады;

4.1.67. Шартта көзделмеген, бірақ Шарт бойынша Қызметтер көрсету талаптарынан туындайтын өзге де міндеттерді көтеруге.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.7. Тапсырыс берушіден, егер Шартта аванс (алдын ала төлем) төлеу және/немесе Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілген болса, авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету сомасын және/немесе Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын уақтылы қайтаруды талап ету.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.5. Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушы енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға;

4.3.6. Орындаушыдан көрсетілген құжатты алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қызметтер көрсету актісі бойынша көрсетілген Қызметтерді қабылдауға не көрсетілген мерзімде көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберуге. Көрсетілген Қызметтерде кемшіліктер болған кезде, Орындаушыға кемшіліктер тізбесін оларды жою мерзімін көрсете отырып жіберуге;

4.3.7. Көрсетілетін Қызметтердің көлемінің, құны мен сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Осы Шартта және оған Қосымшаларда көрсетілген Қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуді және Қызметтерді орындау барысында немесе одан кейін кемшіліктерді жоюды талап етуге;

4.4.7. Орындаушы кемшіліктерді жою бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Қызметтер көрсетудің (немесе оның бір бөлігінің) аяқталғаны немесе тоқтатыла тұрғаны туралы жазбаша хабарлауға;

4.4.8. Кез келген уақытта Қызметтердің барысы мен сапасын/Шарт талаптарының сақталуын, Қызметтер көрсету мерзімдерін, материалдар мен жабдықтардың болуы мен сапасын, автокөлік пен арнайы техниканың болуын, Орындаушы (қосалқы орындаушылар) мамандарының біліктілігін және т.б. өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып тексеруге, бұл ретте Орындаушы тиісті қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс. Тапсырыс беруші сәйкессіздіктер мен шарттық міндеттемелер талаптарының бұзылғанын анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші анықталған бұзушылықтарды Тапсырыс беруші мен Орындаушының өкілдері қол қойған тиісті актіде көрсетеді (Орындаушының актіге қол қоюдан бас тартуы Шартта көзделген тиісті шараларды қолданбауға негіз болмайды), бұл ретте Орындаушыға (қосалқы орындаушыға) көрсетілген сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Қызметтер көрсету үшін өндірістік объектілерге кіруге тыйым салынуы мүмкін;

4.4.9. Ескертулер болған кезде, олар толық жойылғанға дейін Қызметтер көрсету актісіне қол қоюдан бас тартуға;

4.4.10. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның қауіпсіз мекенжайына осы Шарт бойынша төлемдер сомасы туралы ақпаратты, оның ішінде Орындаушының атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның сұрау салуы бойынша осы Шарт бойынша кез келген ақпаратты қамтитын банктік үзінді-көшірмені ұсынуға;

4.4.11. Орындаушыдан Шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Орындаушының шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұратуға. Бұл ретте Орындаушыдан ішкі нарықтағы құнның болжамды есебін ұсынуды талап етуге тыйым салынады;

4.4.12. Орындаушымен келісу бойынша Қызметтер көрсету үшін қолданылатын қолда бар материалдарды және басқа да мүлікті өзара есеп айырысу есебіне жіберуге;

4.4.13. Егер Тапсырыс берушіде Қызметтерге қажеттілікті азайту қажеттілігі туындаған жағдайда, соның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасы төмендеген кезде де, Тапсырыс беруші өзіне келесі құқықты қалдырады:

4.4.13.1. Шарттың қолданылу кезеңінде кез келген уақытта осы Шарттың 9.3-тармағына сәйкес Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға;

4.4.13.2. Қосымша келісім жасасу арқылы Қызметтерге қажеттілікті азайтуға. Бұл ретте, Шарттың 4.4.13.1. және 4.4.13.2.-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, Тапсырыс беруші Орындаушыға көрсетілген Қызметтердің нақты көлемі үшін ақы төлейді;

4.4.14. Орындаушы немесе қосалқы орындаушы(лар) персоналдарының және көлік құралдарының Тапсырыс берушінің ішкі ережелерінің және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін анықталған бұзушылықтарды немесе сәйкессіздіктерді толық жойғанға дейін Тапсырыс берушінің объектілеріне кіруін шектеуге;

4.4.15. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағында кез келген уақытта және орында/объектіде барлық көлік құралдары мен арнайы техниканы тиісті құжаттармен (ҚР көлік құралын тіркеу туралы куәлік, жүргізуші куәлігі, маршрут парағы, тауар-көлік жүккұжаты, ТМҚ қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) және т.б. тексеруге және қарап тексеруге. Жүргізуші жоғарыда аталған талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге кіргізбеуге, сондай-ақ құқық бұзушылық, Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында қылмыс анықталған жағдайда, аумақтан шығарып жіберуге немесе Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы.

4.4.16. Орындаушыдан өндірістік қуаттардың, активтердің бар екенін және қаржылық тұрақтылықты растайтын өзге де құжаттарды растауды сұратуға, сондай-ақ Орындаушыға көшпелі тексерулер жүргізуге.

5. Техникалық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы талаптар

5.1. Орындаушы міндеттенеді:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.1. Қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Тапсырыс берушінің еңбек қатынастары, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ), Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі регламенттеуші құжаттарына сәйкес қамтамасыз етуге;

5.1.2. Қауіпсіздікті басқару, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жүйесінің талаптарын сақтамау және еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтар нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар мен салдарлар үшін Тапсырыс беруші, мемлекеттік бақылаушы органдар, өзге де мүдделі тұлғалар алдында толық жауапкершілікте болуға;

5.1.3. Егер Орындаушы мен оның қызметкерлерінің қызметі нәтижесінде болған оқиғалар салдарынан Тапсырыс берушіге мемлекеттік бақылаушы органдар зиянды өтеу және айыппұл санкцияларын төлеу жөнінде талаптар қойған жағдайда, Тапсырыс берушіге зиян және айыппұл сомаларын төлеуге байланысты барлық шығыстарды толық көлемде өтеуге;

5.1.4. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезінде экологиялық талаптарды сақтауға;

5.1.5. Шарттың талаптарын, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының (Саясат, Ережелер, оның ішінде Алтын ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер және т.б.), сондай-ақ қолданылатын заңнаманың, оның ішінде еңбек және экологиялық заңнаманың қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану жөніндегі талаптарын сақтауға, Қызметтерді қауіпсіз көрсету тұжырымдамасын қолдауға және нөлдік жарақаттануға ұмтылуға. Орындаушы осы бөлімде көзделген қажетті шарттарды, талаптарды және стандарттарды және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзып, Орындаушыға Қызметтердің қалған көлемін орындауға тыйым салуға не тыйым салуға негіз болған себептер жойылғанға дейін Қызметтерді тоқтата тұруға құқылы не Қызметтердің көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп есептейтін Қызметтермен шектелуі мүмкін. Бұл ретте Орындаушы Шарттың мерзімдеріне сәйкес Қызметтерді уақтылы орындамағаны үшін жауапты болады;

5.1.6. Тиісті сападағы мамандандырылған көлікпен және жабдықпен Қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге;

5.1.7. Өз есебінен Орындаушыға Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін қажетті барлық рұқсат құжаттарын, оның ішінде лицензияларды, сертификаттарды және мемлекеттік және өзге де органдардың басқа да рұқсаттарын, соның ішінде кіру визаларын, тұруға рұқсаттарды, Қызметтер көрсетумен байланысты еңбек қызметі бар Орындаушының барлық қызметкерлеріне, агенттеріне немесе қызмет көрсететін қызметкерлеріне арналған жұмысқа рұқсаттарды алуға және толық күшінде сақтауға;

5.1.8. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша, Қызметтер көрсетілетін объектідегі өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

5.1.9. Орындаушы Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін жеткілікті персоналдың тұрақты болуын қамтамасыз етуі, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтер көрсетуге қатысатын кез келген Орындаушы персоналын, егер ол: - өз міндеттерін орындау кезінде құзыретсіздік немесе ұқыпсыздық танытса немесе Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін қызметке қатысса; - Шарттың қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғауға қатысты талаптарын сақтамаса, - ауыстыруы тиіс.

5.1.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша Тапсырыс берушінің барлық ішкі талаптарының, ал қажет болған жағдайда, Орындаушының қызметін Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келтіру бойынша іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен келісілуі және Орындаушы мен Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерімен бекітілуі тиіс;

5.1.11. Орындаушы қызметкерлерінің Қызметтерді көрсету басталғанға дейін дайындығын және Заңнамалық талаптарға сәйкес жұмыс алдындағы/рейс алдындағы денсаулық жағдайына медициналық куәландырудан өтудің тиісті тәртібін қамтамасыз етуге;

5.1.12. Тапсырыс берушіге өзінің уәкілетті өкілінің және Қызметтер көрсету учаскесінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының орындалуы үшін жауапты болатын Орындаушының басқа да қызметкерлерінің тегін хабарлауға;

5.1.13. Осы Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін Қосалқы орындаушыларды тартқан жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Қосалқы орындаушының Шартта көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкестігі туралы ақпарат беруге және Шарттың 3.3-тармағына сәйкес Тапсырыс берушіден Рұқсат – жолдама алуға міндетті. Орындаушы қосалқы орындаушымен жасалатын шарттарға осы бөлімде көзделген шарттарды енгізуге және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы қосалқы орындаушылармен жасалған шарттардың көшірмелерін ұсынуға және Тапсырыс берушіде мәтін бойынша ескертулер болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге міндетті;

5.1.14. Орындаушының барлық қызметкерлерінің Қызметтерді сапалы көрсету үшін қажетті тиісті кәсіптерде тәжірибесі мен біліктілігінің болуын, еңбек тәртібін сақтауын және Қызметке немесе оны орындауға қатысты ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық белгіленген Заңнамалық талаптар мен Тапсырыс берушінің талаптарын орындауын қамтамасыз етуге. Орындаушы Қызметтерді өзінің қызметін жүзеге асыратын саланың (индустрияның) ең жоғары стандарттары бойынша көрсетуі тиіс. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы өз есебінен Қызметтер учаскесіне кіру үшін қажет болуы мүмкін Орындаушы қызметкерлерін қосымша оқытуды (мысалы, жүргізушілер үшін қорғаныс және қысқы жағдайда көлік жүргізу) қамтамасыз етеді;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.15. Орындаушы қызметкерлерінің және (немесе) Қосалқы орындаушылардың денсаулығы мен өміріне зиян келтіруге, Орындаушының жабдықтарын немесе меншігін жоғалтуға, бүлдіруге немесе пайдалану мүмкін болмауына қатысты кез келген және барлық жауапкершіліктен, залалдан, талап-арыздан немесе шығындардан (соның ішінде сот шығындары мен шығыстардан) Тапсырыс берушіні қорғауға, өтеуге және сақтауға, өйткені бұл тармақшаға сәйкес, Орындаушының жабдығы немесе меншігі Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін Орындаушының меншігіндегі, жалға алынған немесе ұсынылатын барлық жабдық болып есептелуі тиіс;

5.1.16. Орындаушының қызметкерлерінен, жабдықтарынан немесе меншігінен келетін қоршаған ортаның кез келген ластануына байланысты туындайтын кез келген жауапкершіліктен немесе шығындардан Тапсырыс берушіні қорғауға, өтеуге және сақтауға;

5.1.17. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде Орындаушы өз есебінен Заңнамалық талаптарға сәйкес сақтандыру қамтамасыз етуін қамтамасыз етуі және Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қолдауы тиіс және Тапсырыс берушіге сақтандыру полистерінің куәландырылған көшірмелерін ұсынуы тиіс, ол келесіні қамтиды, бірақ олармен шектелмейді (Қызметтердің ерекшелігіне байланысты, сақтандыру түрлері өзгертілуі мүмкін): 1. Жұмыс берушінің қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілігін сақтандыру; 2. Кәсіптік қызмет барысындағы залалдарды сақтандыру; 3. Үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті сақтандыру; 4. Қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру; 5. Экологиялық сақтандыру; 6. Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті кез келген басқа да сақтандыру түрлері.

5.2. Оқиғалар, ағымдағы көрсеткіштер туралы ақпараттандыру және тергеп-тексеруді жүргізу саласында:

5.2.1. Анықталған сәттен бастап 1 сағаттан кешіктірмей, Тапсырыс берушіге барлық оқиғалар туралы, оның ішінде дәрігерге дейінгі және (немесе) білікті медициналық көмек көрсету жағдайларын, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ/Тапсырыс берушінің алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты Саясатын бұзу жағдайларын қоса алғанда, дереу мәліметтер ұсынуға;

5.2.2. Оқиғаларды тергеп-тексеруді заңнамалық талаптарға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес ұйымдастыруға. Оқиғаларды тергеп-тексеруді заңнамалық талаптарда және Тапсырыс берушінің ішкі талаптарында көзделген тәртіппен, Тапсырыс берушінің, Орындаушының және тартылатын Қосалқы орындаушылардың (қажет болған жағдайда), сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда, уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен комиссия жүзеге асырады. Тергеп-тексеру комиссиясына қатысудан бас тартуға жол берілмейді;

5.2.3. Есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) күніне дейінгі мерзімде, Тапсырыс берушінің қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын тұлғаның жазбаша сұрау салуы бойынша, денсаулық сақтау, еңбек және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы өз Қызметінің нәтижелері туралы есеп беру нысандарына сәйкес, мынадай мәліметтерді қамтитын ақпаратты жедел ұсынуға: - жұмыс уақытын жоғалтумен болған барлық жазатайым оқиғалар туралы (өндіріске байланысты және байланысты емес), жол-көлік оқиғалары туралы, сондай-ақ Тапсырыс берушінің объектілеріндегі оқиғалар туралы (авариялар, өрттер, жарылыстар, мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуі, адамдардың өмірі мен денсаулығына және/немесе қоршаған ортаға, мүлікке және жабдыққа материалдық зиян келтірген жағдайлар); - Тапсырыс берушінің объектілерінде Қызметтер көрсетуге тартылған Орындаушы қызметкерлерінің саны, жұмыс істелген жұмыс уақытының саны, Қызметтер көрсету орнында Орындаушы персоналының жұмыс істеген уақыты; - автотехниканың жалпы саны, сондай-ақ Тапсырыс беруші үшін Қызметтер көрсетуге тартылған Орындаушы автокөлік құралдарының жиынтық жүріп өткен жолы; - қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен қызметкерлердің саны бойынша; - қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша шығындар бойынша.

5.2.4. Мән-жайы тікелей немесе жанама Орындаушының Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде Қызметтер көрсететін қызметімен байланысты және оны жүргізуге Тапсырыс беруші өзінің ішкі рәсіміне сәйкес бастамашылық еткен оқиғаны тергеп-тексеруге қатысуға. Орындаушының Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде Қызметтер көрсету кезінде болған оқиғалардың тікелей және түпкі себептерін тергеп-тексеру және талдау жөніндегі комиссияның құрамына Тапсырыс берушінің жауапты тұлғасын қосуға.

5.3. Көлік қауіпсіздігі саласында:

5.3.1. Тапсырыс берушінің кен орнында орналасқан Орындаушының арнайы техникасы, автокөліктері және/немесе автобустары жақсы жұмыс істейтін техникалық жай-күйде болуы, қауіпсіздік техникасының барлық талаптарына сәйкес келуі, сондай-ақ GPS терминалдары жүйесімен жабдықталуы тиіс. Орындаушы барлық көлік құралдарының GPS терминалдарын Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS мониторингі платформасына, «Көліктік қамтамасыз етуді есепке алу» ақпараттық жүйесімен (ККЕАЖ) біріктіру үшін – жол парағында берілген маршрутқа мониторинг жүргізу, жылдамдық режимін бақылау, жол парақтарын есепке алу және қозғалыс қауіпсіздігі үшін қажетті басқа да параметрлер үшін қосуы тиіс. Орындаушы қауіпті жүктерді (сұйытылған көмірсутекті газ, мұнай, газ конденсаты, қалдықтар және т.б.) тасымалдайтын көлік құралдарын GPS терминалдары жүйесімен байланысты өлшем құралдарымен қамтамасыз етуі, олар цистерналардағы сұйықтық деңгейін үздіксіз өлшеуді қамтамасыз етуі және оларды осы тасымалдарға мониторинг жүргізетін Тапсырыс берушінің диспетчерлік қызметіне қосуы тиіс. Орындаушы автокөліктің белгілі бір мердігерлік ұйымға тиесілілігін жедел анықтау үшін автокөліктің барлық түрлеріне тану белгілерін (логотиптерді, кестелерді, өзге де) орнатуы тиіс. Автокөлік құралдарының шиналарының протектор суретінің Жол қозғалысы ережелерінің талаптарына сәйкес келетін жеткілікті биіктігі болуы тиіс, қыс мезгілінде - алдыңғы және артқы қысқы шиналар болуы тиіс;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.3.2. Орындаушы: - жүргізушілерді оқытуды және олардың жеткілікті біліктілігін; - көлік құралдарына тұрақты техникалық қызмет көрсетуді жүргізуді; - жүргізушілерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді; - жолаушылар, багаж, жүктер, оның ішінде қауіпті жүктерді тұрақты және тұрақты емес тасымалдау маршруттарында жұмыс істейтін көлік құралдарының жүргізушілерін рейс алдында және рейстен кейін тексеруді жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.

5.4. Жеке қорғаныш құралдарын (ЖҚҚ) қамтамасыз ету және қолдану саласында:

5.4.1. Орындаушының барлық персоналы жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі және оларды Қызметтер көрсету орнында тұрғын үй-жайлардан тыс жерде болған кезде пайдалануы тиіс;

5.4.2. Тапсырыс берушінің объектілеріне Қызметтер көрсету үшін алғаш рет келетін Орындаушының барлық персоналы өндірістегі ЕжҚ-ның инженерінен немесе Тапсырыс берушінің арнайы уәкілетті тұлғасынан кіріспе нұсқамадан өтуі тиіс;

5.4.3. Қызметтер көрсету орнында Орындаушы персоналының жанында Азаматтық қорғау және еңбекті қорғау қауіпсіздігі саласында тиісті оқудан және аттестациядан өткенін растайтын белгілері бар куәлік болуы тиіс;

5.4.4. Орындаушының Тапсырыс берушінің объектілерінде Қызметтер көрсететін персоналын азаматтық қорғау және еңбекті қорғау қауіпсіздігі бойынша оқыту және аттестаттау, нұсқама беру кестелері болуы және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің бірінші талап етуі бойынша оларды ұсынуы тиіс.

5.5. Алкоголь, есірткі және уытты заттарды пайдалануға тыйым салу:

5.5.1. Орындаушы міндеттенеді: - персоналды алкогольдік, есірткілік немесе уытты масаң күйде Қызметтерге жібермеуге (Қызметтерден шеттетуге); - өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті заттарды қоспағанда, Қызметтер көрсету орнына және персонал тұратын орынға алкоголь, есірткі немесе уытты заттарды алып кіруге және болуына жол бермеуге.

5.5.2. Аталған шектеулерге бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс беруші Қызметтер көрсету орнына және персонал тұратын орынға жеткізілетін барлық көлік құралдарын, заттар мен материалдарды тексеруге және қарап тексеруге құқылы;

5.5.3. Егер осындай қарап тексеру нәтижесінде көрсетілген тыйым салынған заттар немесе масаң күйдегі персонал анықталса, онда олар Қызметтер көрсету немесе тұру орнына жіберілмейді.

5.6. Еңбек қатынастары саласында:

5.6.1. Шарт бойынша Қызметтер көрсету барысында Орындаушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын, оның ішінде: еңбек шарттарын жасасу тәртібін, олардың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптарды; адамды жұмысқа тек еңбек шартын жасасқаннан кейін ғана жіберуді; жұмыс уақытының ұзақтығын және режимін; ауысымдық жұмысты және вахталық еңбек әдісін ұйымдастыруды; түнгі уақыттағы жұмысты және үстеме жұмысты; қызметкерлердің демалысын; еңбекақы төлеудің ең төменгі мөлшерін және еңбекақы төлеу саласындағы кепілдіктерді; жалақы төлеудің тәртібі мен мерзімдерін қатаң сақтауға міндеттенеді.

5.6.2. Өндіріс мәдениетінің заманауи деңгейін, денсаулықты сақтауды, еңбекке қабілеттілік пен өнімділікті арттыруды қамтамасыз ету мақсатында, өз қызметкерлері үшін келесі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етуге: 1. Шартты орындауға тартылған Орындаушының барлық өндірістік қызмет орындарында ыстық тамақпен және ауыз сумен қамтамасыз ету, атап айтқанда: - қызметкерлерді қанағаттандыратын сапалы тамақтануды қамтамасыз ету, күнделікті бақылауды ұйымдастыру. Тағамның сіңімділігі жоғары, дәмі жақсы, пайдаланылатын өнімдер әртүрлі болуы, ағзаның қажеттіліктерін толық қанағаттандыратын тиісті химиялық құрамы болуы тиіс. Ауыр дене еңбегі бар қызметкерлер үшін қуат, ақуыздар, майлар мен көмірсулардың ұсынылатын тұтынуы күніне 3450-ден 3600 ккал-ға дейін құрауы тиіс. Осыған байланысты қызметкерлердің тамақтану рационы жұмсалған қуатты толтыруы және бір түскі ас (кешкі ас) үшін кемінде 1500 ккал құрауы тиіс; -деформацияланған, шеті сынған, жарылған, ойығы бар, эмалы зақымдалған асүй және асхана ыдыстарын; алюминийден жасалған асхана аспаптарын; пластмассадан және престелген фанерден жасалған кесу тақтайшаларын пайдалануға жол бермеу; -тамақ дайындау орындары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келуі тиіс, егер термоспен тамақтандыру болса, Орындаушы қызметкерлері тамақ дайындау мен қабылдаудың барлық кезеңдерінде жоғарыда аталған талаптардың сақталуын қамтамасыз етуі қажет. 2. Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істейтін қызметкерлерді (қаладан тыс жерде, жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын қашықтықта орналасқан) тұрғын үймен қамтамасыз ету, атап айтқанда: -вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлерді жұмыс өндірісі объектісінде болған кезеңде тұрғын үймен қамтамасыз ету. Жатақханалардың тұрғын бөлмелерінің алаңы бір адамға кемінде 6 м2 есебінен айқындалады; -төсек жабдықтарын, сүлгілерді және басқа да жұмсақ мүкаммалды ауыстыруды аптасына кемінде 1 рет жүзеге асыру; -жуу, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, құрғақ және ылғалды жинауды – күн сайын қажеттілігіне қарай, бірақ күніне кемінде 1 рет жүзеге асыру; -өрт қауіпсіздігі шараларын, өрт дабылының және түтін датчиктерінің ішкі өртке қарсы қорғау жүйесімен үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету; -электр-техникалық жабдықтар мен желілердің, суық-жылумен жабдықтау жүйесінің, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйесінің, желдету жүйесінің үздіксіз және апатсыз жұмысын, сондай-ақ алдын алу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету; -жатақханаларды санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкес таза ұстау үшін жуу, дезинфекциялау құралдарымен (ҚР-да қолдануға рұқсат етілген) және қағаз сүлгілермен, дәретхана қағаздарымен материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтамасыз ету. Орындаушыда Тапсырыс берушінің объектілерінде (қаладан тыс жерде, жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын қашықтықта орналасқан) қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін меншікті үй-жайлары болмаған жағдайда, Орындаушы өз қызметкерлерін тұру жағдайларымен қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс берушінің көрсетілген объектілеріндегі қолда бар тұрғын үй-жайларды пайдалануға қол жеткізу үшін шаралар қабылдауға міндетті. 3. Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

істейтін қызметкерлерді Тапсырыс берушінің объектілеріне жеткізу, сондай-ақ объектілер арасында қозғалу үшін көлікпен қамтамасыз ету, бұл ретте: Орындаушының жолаушыларды тасымалдауды және көліктік қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға барлық рұқсат құжаттары болуы тиіс; жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдарының жиынтықталуы: кондиционерлеу және/немесе желдету жүйесі, жылыту жүйесі, жұмсақ орындықтар, автобустар мен шағын автобустардың салондары таза болуы, орындықтар зақымдалмаған және реттелетін болуы тиіс; көлік құралдары жайлылық талаптарына сай болуы, барлық жолаушылар үшін қауіпсіздік белдіктері және жазғы және қысқы кезеңде толық техникалық жабдықталуы болуы тиіс. 4. Орындаушының міндеттемелерді Шарттың талаптарына толық сәйкестікте орындауын қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді еңбек құралдарымен қажетті мөлшерде және жарамды күйде қамтамасыз ету, атап айтқанда: еңбек құралдарымен немесе механикалық еңбек құралдарымен (станоктармен, машиналармен, жабдықтармен, құрал-саймандармен және т.б.).

5.6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушының Қызметтер көрсету процесін тоқтата тұруына тыйым салынады;

5.6.4. Қызметтер көрсетуге тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, Орындаушы осындай мән-жайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу бойынша іс-шараларға өз ұйымының бірінші басшысының тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді;

5.6.5. Орындаушы еңбек жанжалдары туындаған кезеңде Қызметтер көрсетудің толық тоқтатылуын болдырмау үшін персоналдың жұмысын ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті;

5.6.6. Орындаушы ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары кезіндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Қызметтер көрсету кезінде кешігулерді барынша болдырмау үшін осы жағдайларды реттеу бойынша шараларға персоналды уақтылы оқытуға міндетті;

5.6.7. Егер Орындаушының өз күшімен реттеу мүмкін емес еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, ол өз есебінен дауды тезірек шешу үшін, бұл іс-әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, білікті медиаторларды немесе мамандарды тартуға міндетті;

5.6.8. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, Тапсырыс берушіге қызметкерлердің қойған ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы (дәлелді ұстаным, талаптарды қанағаттандыру мүмкін еместігін растайтын құжаттар және т.б.) ұсынуға міндеттенеді.

5.7. Қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасау тәртібі:

5.7.1. Орындаушы қызметкерлері арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақтылы алу және қызметкерлерді ұйымның қызметі туралы хабардар ету мақсатында Орындаушы ішкі коммуникациялардың келесі тетіктерін қамтамасыз етеді: 1. Орындаушының бірінші басшысы жыл сайын бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 1 қыркүйекке дейін және жыл қорытындысы бойынша 1 наурызға дейін өз қызметкерлерімен әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша кездесу өткізеді, онда еңбек ұжымы Орындаушының өндірістік көрсеткіштері туралы хабардар етіледі, ал Орындаушының басшылығы қызметкерлердің сұрақтары мен ұсыныстарын жинақтап, оларға жауап береді; Орындаушының бірінші басшысы өз ұйымының қызметкерлерін жеке мәселелері бойынша айына кемінде бір рет қабылдауды жүзеге асырады; 2. Орындаушы өз қызметкерлерінің өтініштерін қарауды және өтініш берушілердің қабылданған шешімдер туралы жауаптарды алуын қамтамасыз етеді.

5.8. Тапсырыс берушінің Орындаушының талаптарды сақтауын тексеру тәртібі:

5.8.1. Тапсырыс беруші Орындаушының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және осы талаптардың, оның ішінде Шарттың 5.6 – 5.9-тармақтарында көзделген ережелерді сақтауын жоспарлы және жоспардан тыс тексерулерді жүргізуге құқылы. Тексеру нәтижелері осы Шартқа №6-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша Проверочный лист жасау арқылы ресімделеді. Жоспарлы тексерулер жылына кемінде 1 рет жүргізіледі. Жоспардан тыс тексерулер: Орындаушы қызметкерлерінің заңды құқықтарының бұзылуы туралы түскен өтініштері мен арыздары; бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар; мемлекеттік органдардан және өзге де көздерден, оның ішінде Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғаларынан түскен мәліметтер негізінде жүргізіледі. Тапсырыс беруші тексерулерді жүргізу барысында Орындаушы: -Тапсырыс берушіге өзекті және объективті деректерді ұсынуға; -Тапсырыс берушінің барлық әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік сипаттағы объектілерге кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

5.9. Еңбек қатынастары саласындағы Орындаушының ілеспе міндеттемелері:

5.9.1. Орындаушы міндеттенеді: - еңбек ұжымындағы жағдайға әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы жағымсыз көріністердің туындау мүмкін болатын факторларын, себептерін, жағдайларын және алғышарттарын анықтау және тіркеу тұрғысынан үздіксіз мониторинг пен талдауды жүзеге асыруға; - еңбек ұжымында әлеуметтік наразылықтардың туындау мүмкін болатын және нақты тәуекелдерін зерделеуге, бағалауға және болжауға; - қандай да бір әлеуметтік-еңбек жанжалдары туындаған немесе туындауы мүмкін жағдайда Тапсырыс берушіні хабардар етуге. Бұл ретте, қызметкерлердің өкілдерімен келіссөз процесіне кіруге және қолданыстағы заңнамаға сәйкес туындаған жағдайды шешу бойынша шаралар қабылдауға; - Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тартылатын қосалқы мердігерлік ұйымдарға ұқсас талаптар белгілеуге.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.10. Қоршаған ортаны қорғау саласында:

5.10.1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 339-бабына сәйкес Орындаушы осы Шарттың мәні болып табылатын Қызметтерді көрсету кезінде оның қызметі нәтижесінде түзілетін (өзінің жеке шикізаты мен материалдарынан да, сондай-ақ Тапсырыс беруші ұсынатын шикізат пен материалдардан да) барлық өндіріс және тұтыну қалдықтарының меншік иесі болып табылады және «ластаушы төлейді» қағидатына сәйкес, қалдықтарды экологиялық заңнамаға сәйкес қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою бойынша операцияларды жүзеге асыратын тұлғаның иелігіне берген сәтке дейін қалдықтарды басқару бойынша экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жауапты болады. Қалдықтарды орналастыру орындарына тасымалдауды мердігерлік ұйымдар жеке автокөлікпен немесе мердігерлік шарттар бойынша жүзеге асырады;

5.10.2. Орындаушының Қызметтер көрсету процесінде түзілетін қалдықтардың барлық түрлерін жинауға, әкетуге және тасымалдауға арнайы ұйыммен шарты болуы тиіс;

5.10.3. Егер Шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің аумағында Орындаушының өндірістік базасы және/немесе тұрғын кенті орналастырылатын болса, Орындаушы Тапсырыс берушінің аумағындағы тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, өндірістік сұйықтықтардың төгілуіне не оны материалдармен, жабдықтармен негізсіз жабдықталуына жол бермеуге, сондай-ақ Орындаушы қызметкерлерінің осы аумақ үшін белгіленген Тапсырыс берушінің режимін және нормативтік актілердің, оның ішінде экология, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптарды сақтауын қамтамасыз етуі тиіс. Осы мақсатта Орындаушы инженер-техникалық жұмыстар құрамынан Тапсырыс берушінің аумағында жоғарыда аталған талаптардың орындалуы үшін жауапты тұлғаны тағайындайды;

5.10.4. Осы Шартта көзделген Қызметтерді көрсету процесінде Орындаушы өз күшімен және құралдарымен Қызметтер объектісін және ұйымның орналасқан жерлерін өз қоқыстарынан және оның қызметінде түзілетін барлық өндіріс және тұтыну қалдықтарынан жүйелі түрде жинауды қамтамасыз етеді;

5.10.5. Орындаушы қалдықтарды оларды орналастыру/түзілу орындарында орналастыру (уақытша қоймалау) кезінде экологиялық талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады;

5.10.6. Қызметтер аяқталғаннан кейін, Орындаушы кен орнының инженер-экологының қатысуымен, Тапсырыс беруші тарапынан Қызметтер көрсету актісіне қол қойылғанға дейін, өз жабдығы мен техникасының, материалдардың артық мөлшерінің және т.б. барлығын орыннан немесе орналасқан жерінен әкетеді, ол тұрғызған уақытша ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеуді жүргізеді, осы Қызметтерден түзілген қалдықтарды әкетуді жүргізеді және өзінен кейін Қызметтер орнын және/немесе орналасқан жерін экологиялық талаптарға және санитариялық нормаларға сәйкес келетін жағдайда қалдырады, алаңды Тапсырыс берушінің комиссиясы актісі бойынша тапсырады;

5.10.7. Қызметтер өндірісі кезінде Тапсырыс берушінің аумағында (келісімшарттық/келісімшарттан тыс) қалдықтардың әртүрлі түрлерінің рұқсат етілмеген қоқыс төгетін жерлерін түзуге жол берілмейді, әйтпесе Орындаушыға осы Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылатын болады;

5.10.8. Орындаушы ай сайын, әрбір есепті айдың 25-і күніне дейін, сондай-ақ тоқсанына бір рет Шартқа №7-қосымшаға сәйкес экологиялық рұқсаттарда белгіленетін эмиссиялар нормативтеріне сәйкес Тапсырыс берушіге қоршаған ортаға әсер ету туралы есептерді (экологиялық есептерді) ұсынуға міндетті; Орындаушы осы тармақтың міндеттемелерін ұсынбаған кезде, Тапсырыс беруші Шарттың 6.2-тармағында белгіленген мерзім шегінде Орындаушыға Шарттың 6.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жібере отырып, орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға құқылы. Жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы;

5.10.9. Орындаушы өз есебінен ҚР ЭК 185-бабына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының талаптарын орындауға, қоршаған ортаны ластаудың барлық көздері мен әсер етуі бойынша өлшемдерді жүзеге асыруды ескере отырып, өндірістік мониторинг жүргізуге және Тапсырыс берушіге өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей ұсынуға міндеттенеді. Орындаушы осы тармақтың міндеттемелерін ұсынбаған кезде, Тапсырыс беруші Шарттың 6.2-тармағында белгіленген мерзім шегінде Орындаушыға Шарттың 6.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жібере отырып, Қызметтер көрсету актісіне қол қоймауға құқылы. Жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы;

5.10.10. Есепті кезең (тоқсан) аяқталғаннан кейін, төлем шотын алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Орындаушы ұсынған төлемдер тізіліміне сәйкес, өз ластау көздері бойынша қоршаған ортаға түзілетін шығарындылар үшін міндетті төлемдер бойынша шығыстарды өтеуге. Уақтылы төлемеген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға төленуге тиісті төлемнен жоғарыда аталған төлемдер бойынша шығыстар сомасын бір жақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы;

5.10.11. Орындаушы ұсынылған экологиялық есептер бойынша деректердің дәйектілігі үшін жауапты болады. Мемлекеттік органдар тарапынан тексеру кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге қойылған айыппұл сомасын толық мөлшерде өтеуге міндеттенеді.

5.11. Өндірістік бақылау саласында:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.11.1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Орындаушының және (немесе) Қосалқы орындаушылардың осы Шарттың ережелерін сақтауына бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және азаматтық қорғау саласындағы заңнамалық және өзі қоятын талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруы үшін Орындаушы Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерінің Қызметтер көрсету орындарына, вахталық кенттерге және өндірістік базаларға кедергісіз кіруін қамтамасыз етуі тиіс;

5.11.2. Талаптар бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға бұзушылықтарды жоюдың ұсынылған мерзімдерін көрсете отырып, тиісті актіні береді. Егер Орындаушы (немесе) Қосалқы орындаушылар осындай актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, ол Тапсырыс берушімен бір жақты тәртіппен ресімделеді;

5.11.3. Егер Орындаушы қандай да бір себептермен бұзушылықтарды ұсынылған мерзімдерде жоя алмаса, онда Тапсырыс берушімен бірлесіп, келісілген мерзімдерді көрсете отырып, бұзушылықтарды жою жөніндегі Жоспар әзірленеді;

5.11.4. Бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты Орындаушы ай сайынғы есептіліктің құрамында береді;

5.11.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде болған авариялар, инциденттер мен жазатайым оқиғалар үшін ішкі тергеп-тексеру нәтижесінде анықталған Орындаушының кінәсі болған кезде, Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді;

5.11.6. Тапсырыс берушінің кінәсінен емес, сондай-ақ олар өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі және өнеркәсіптік санитария қағидаларын бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушының немесе Орындаушы тартқан үшінші тұлғаның кез келген қызметкерінің жарақаты, мертігуі немесе қайтыс болуы үшін жауапты болмайды;

5.11.7. Орындаушы немесе Қызметтер көрсетуге тартылған қосалқы мердігерлік ұйым жол-көлік оқиғаларына, инциденттерге, аварияға, төгілулерге жол берген кезде, қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы ережелері бөлігінде Тапсырыс берушінің аумағында залалдың болуына қарамастан Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады;

5.11.8. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Орындаушыдан Тапсырыс беруші үшін шығындарсыз, Тапсырыс берушінің пікірі бойынша, өз міндеттерін орындауға құзыретсіз немесе Тапсырыс берушінің мүдделерін бұзатын іс-әрекеттер жасады деп айыпталған немесе мінез-құлқы Тапсырыс берушіге зиян келтіретін кез келген Орындаушы қызметкерін жұмыстан шеттетуді талап етуге құқылы, ал Орындаушы бағынуға және егер қажет болса, Тапсырыс беруші үшін қосымша шығындарсыз, дереу қолайлы ауыстыруды жүзеге асыруға міндетті болады;

5.11.9. Орындаушы өзінің қызметтер көрсету кезінде жіберген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін, оның ішінде айыппұлдарды, өсімпұлдарды төлеу, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген зиянды өтеу бойынша дербес жауапты болады. Егер Тапсырыс беруші Орындаушының жоғарыда аталған бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартылса, соңғысы Тапсырыс берушіге осыдан келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді;

5.11.10. Қызметтер көрсету процесінде болған Тапсырыс берушінің қызметкерлерімен оқиғалар үшін Орындаушының кінәсі болған кезде, Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды өтеуге міндеттенеді;

5.11.11. Орындаушының осы баптың талаптарын, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бірнеше рет бұзуы осы Шарт талаптарының елеулі бұзылуы болып табылады және Тапсырыс берушіге осы бұзушылықтарға байланысты Орындаушыға шығындарды өтеу жөніндегі Тапсырыс берушінің міндеттемелерінсіз осы Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқық береді.

6. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Орындаушы Қызметтерді (Тапсырыс берушіден Қызметтерді кезең-кезеңімен аяқтауды қабылдап алуға жазбаша мақұлдау алған жағдайда, Қызметтер кезеңін) орындауды аяқтағаннан және Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін Тапсырыс берушіге қол қою үшін Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтер көрсету актісін, Шартқа № 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қызметтердегі ішкі нарықтағы құнның нақты есебін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураны жібереді. Егер Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтер техникалық қызмет көрсетумен, жөндеумен және/немесе жабдықты монтаждаумен байланысты болса, Орындаушы Қызметтер көрсету актісімен бірге Тапсырыс берушіге екі Тарап қол қойған келесі құжаттарды ұсынады: • жөндеу қоры бойынша тауар-материалдық құндылықтарды қабылдау-тапсыру актісі (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша); • жөндеу қоры бойынша тауар-материалдық құндылықтарды орнату актісі (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша); • Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында көзделген өзге де актілер.

6.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен бірлесіп, көрсетілген Қызметтердің сапасы мен көлемін тексеруді жүзеге асырады және 10 (он) жұмыс күні ішінде осы актіге қол қоя отырып, Қызметтер көрсету актісі бойынша аяқталған Қызметтерді қабылдайды.

6.3. Тапсырыс беруші талап етуге құқылы, ал Орындаушы Тапсырыс беруші белгілеген тәртіппен онлайн-платформаны пайдалана отырып, Қызметтер көрсету актілерін электрондық форматта келісуге және қол қоюға міндеттенеді.

6.4. Қызметтерді қабылдау кезінде Шарттан ауытқулар және өзге де кемшіліктер, оның ішінде Шарт бойынша орындалмаған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

міндеттемелер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша Орындаушыдан: 1. Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде Қызметтің кемшіліктерін ақысыз жоюды; 2. Қызмет үшін белгіленген бағаны барабар төмендетуді талап етуге құқылы. Барлық кемшіліктерді Тараптар жеке Актіде не Қызметтерді қабылдауды куәландыратын өзге де құжатта не Тапсырыс берушінің Орындаушыға жазбаша нысанда, оларды жою мерзімін көрсете отырып жіберген хабарламасында келіседі.

6.5. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтиже алғанға дейін қайталанады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелері осындай рәсімнің мерзіміне ұзартылады. Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметтердің құнын төлемеуге құқылы.

6.6. Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында көрсетілген Қызметтің кемшіліктері немесе олардың себептері туралы дау туындаған кезде, екі Тараптың кез келгенінің талабы бойынша шешімі екі Тарап үшін де міндетті болатын сараптама тағайындалуы тиіс. Сараптаманы жүргізу бойынша шығыстарды Орындаушы, егер сараптамамен Шарттың бұзылуы немесе Орындаушының іс-әрекеттері мен анықталған кемшіліктер арасында себеп-салдарлық байланыстың жоқтығы анықталған жағдайларды қоспағанда, көтереді. Бұл жағдайларда сараптама бойынша шығыстарды оны тағайындауды талап еткен Тарап, ал егер сараптама тараптар арасындағы келісім бойынша тағайындалса - екі Тарап теңдей көтереді.

6.7. Бар кемшіліктер жойылғаннан кейін, екі Тараптың уәкілетті өкілдері Шарт бойынша Қызметтер көрсету актісіне қол қояды.

6.8. Шарт веб-порталда жасалған жағдайда, Орындаушы Шарттың 6.1-тармағында көзделген қағаз жеткізгіштегі құжаттармен бір мезгілде, сондай-ақ Тапсырыс берушіге осы құжаттарды Веб-портал арқылы электрондық түрде жіберуі тиіс.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Көрсетілген барлық Қызметтердің сапасы Шартқа қосымшаларда көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ТШ, ӨСТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуі тиіс.

7.2. Көрсетілген Қызметтерге кепілдік міндеттемелері Қызметтердің түпкілікті актісіне қол қойылған сәттен бастап 12 (он екі) ай ішінде қолданылады.

7.3. Аяқталған объектіні пайдалану кезінде жасырын кемшіліктер, ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 630-бабында (Ерекше бөлім) көзделген жалпы мерзімдерде және Шарттың 7.2-тармағында көзделген кепілдік мерзім ішінде өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 635-бабында (Ерекше бөлім) көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыруға немесе Орындаушыдан Қызметтерді ақысыз қайта көрсетуді, не Тапсырыс берушінің кемшіліктерді өз қаражатымен жоюға жұмсаған шығындарын өтеуді талап етуге құқылы.

7.4. Орындаушы пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасын, олардың жобалық ерекшеліктерге, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігін, оларды тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттармен қамтамасыз етуге кепілдік береді.

7.5. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге барлық рұқсат құжаттарының, оның ішінде орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарға рұқсаттардың, лицензиялардың, сертификаттардың бар екеніне кепілдік береді.

7.6. Шарттың талаптарынан ауытқуларды немесе өзге де кемшіліктерді анықтау Орындаушыны Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушіні кейіннен көрсетілетін Қызметтердің мерзімдеріне, көлеміне және сапасына қатысты талаптар қою құқығынан айырмайды.

7.7. Орындаушы осы арқылы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Қызметтер нәтижелеріне айрықша құқықтардың үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалар Қызметтер нәтижелеріне қатысты айрықша құқықтар жөнінде талаптар қойған жағдайда, Орындаушы осы кепілдіктердің шарттарын бұзған жағдайда, Тапсырыс берушіге осыған байланысты барлық шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7.8. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болса, Орындаушы міндетті: ешбір Қызметкер Қазақстан Республикасының аумағында жүз сексен үш (183) күн немесе одан көп уақыт бойы кез келген өзара жалғасатын он екі айлық кезеңде болмағанын және болмауын кепілдендіру, бұл кезең осы Шартқа қол қойылған жылы аяқталатын, осы Шарт қолданылатын және Көрсетілген Қызметтер Актілеріне қол қойылған уақытты қамтиды. Қызметкерлерге қатысты бұл кепілдік Орындаушы тарапынан жазбаша түрде Шарттың Приложение №12 «Қызметкерлерге қатысты резидент еместің кепілдігінің формасы» бойынша расталып, Договорға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жолдануы тиіс; немесе аталған кепілдікті ұсынудан бас тартып, Договорға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлама жолдау.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.2. Орындаушының жауапкершілігі:

8.2.1. Орындаушы Шартта келісілген Қызметтер көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті;

8.2.2. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді;

8.2.3. Қызметтердегі ішкі нарықтағы құнның нақты есебін ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-і мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді;

8.2.4. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Шарт бойынша Орындаушының міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған (отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемесін қоса алғанда) әрбір жағдай үшін, Қызметтердің жалпы құнының 10%-і мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті (Қызметтер көрсетуді кешіктіру жағдайларын қоспағанда), олар көрсетілмеген немесе тиісінше көрсетілмеген;

8.2.5. Орындаушы Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын Орындаушының, сондай-ақ оның қосалқы орындаушыларының қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

8.2.6. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды сақтамағаны/бұзғаны үшін Орындаушы/қосалқы орындаушы Шартқа №5-қосымшада көзделген жауапкершілікте болады;

8.2.7. Осы Шарттың 8-бөлімінде және Шартқа №5-қосымшада көзделмеген осы Шартты орындау кезінде өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда, Орындаушы осы Шартқа сәйкес ресімделген құжат негізінде Шарт сомасының 0,1%-і мөлшерінде айыппұл төлейді;

8.2.8. Тапсырыс беруші Шартты Шарттың 9.3.2.-тармағына сәйкес бір жақты тәртіппен бұзған кезде, Орындаушы Шарттың 8.2.4.-тармағында көзделген айыппұлды Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті;

8.2.9. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

8.2.10. Шарттың талаптарына сәйкес, осы Шартты орындауға тартылған қызметкерлерге жалақы белгілеу бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-і мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, ол Орындаушымен төленуі немесе Тапсырыс берушімен көрсетілген Қызметтерді қабылдау – тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге Тараптар қол қойғанға дейін ұсталып қалуы мүмкін;

8.2.11. Шарттың талаптарына сәйкес, Шартты орындауға тартылған Орындаушы қызметкерлерінің жалақылары мен әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарын ұлғайту бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-і мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, ол Орындаушымен төленуі немесе Тапсырыс берушімен көрсетілген Қызметтерді қабылдау – тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге Тараптар қол қойғанға дейін ұсталып қалуы мүмкін;

8.2.12. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және Орындаушы белгіленген мерзімде осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарлауға және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығысы жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша, қайтарылуға жататын соманың 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін өсімпұл төлеуге міндетті;

8.2.13. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған/орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарттың 8.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан басқа, Тапсырыс беруші Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес шартты орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға құқылы;

8.2.14. Тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша, залал тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуі тиіс;

8.2.15. Тапсырыс беруші кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жойған жағдайда, Орындаушы мұндай шығындарды Тапсырыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

берушіге өтейді;

8.3. Орындаушы Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

8.4. Орындаушы Шартта белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты бір жақты тәртіппен бұзады, әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз ету ұстап қалады, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға Орындаушы туралы мәліметтерді Қордың Сенімсіз өнім берушілер тізбесіне енгізу үшін ақпарат жіберіледі, Орындаушы сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін сатып алу туралы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін толық және тиісінше орындаған жағдайлар ерекшелік болып табылады.

8.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс;

8.5.2. Орындаушы ұсынған аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға аванстық төлем сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс;

8.5.3. Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдауды кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы;

8.5.4. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс;

8.5.5. Тапсырыс беруші Қызметтер көрсету актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден кешіктіру сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы;

8.5.6. Тапсырыс беруші құжаттарды ұсынуды негізсіз кешіктірген жағдайда (егер шарттың талаптары бойынша Қызметтер көрсету үшін Тапсырыс берушінің Орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Орындаушы Тапсырыс берушіден кешіктіруден келтірілген шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді, сондай-ақ Шарттың талаптарына өзгерістер енгізбей, Қызметтер көрсету мерзімін осындай кешіктіруге барабар ұлғайтуды талап етуге құқылы.

8.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

8.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.8. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға нақты Қызметтер көрсету кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген аванстың қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

8.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.10. Тұрақсыздық айыбын төлеуді Орындаушы Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы қол қойған тиісті жазбаша хабарламаны және төлем шотын алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді. Орындаушы Тапсырыс беруші Орындаушыға тұрақсыздық айыбын төлеу үшін қойған шот, орындалған Қызметтер үшін ақы төлеу және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша біртектес қарсы талаптарды есепке алуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісіне қосылуына келіседі.

8.11. Егер Орындаушы Қызметтерді уақтылы орындамау немесе Орындаушының Қызметтерді толық немесе ішінара орындамауы Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдесе, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы.

8.12. Шарттың 8-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше мән-жай туындаған кезде, Тапсырыс беруші шектеусіз бір мезгілде бірнеше айыппұл санкциясын қолдануға құқылы.

8.13. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан Орындаушыға оның Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдары үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныстыөзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

9.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

9.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

9.3.4. Орындаушы банкрот деп жарияланған, дәрменсіз деп танылған, сондай-ақ Қызметтерді жүзеге асыру құқығына арналған рұқсат құжаттарының (лицензиялардың), оның ішінде Орындаушыны Қызметтерді орындау құқығынан айыратын басқа да құжаттардың қолданылуы тоқтатылған/болмаған жағдайларда Шарт дереу бұзылады. Осы тармақтың қолданылуы Тапсырыс берушімен сот актілерінің, Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын шектейтін сот орындаушыларының қаулылары негізінде де қолданылуы мүмкін.

9.3.5. Шарт Тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде. Қызметтердегі негізделген орынсыздыққа байланысты сатып алу шартын орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушының нақты шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

9.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Орындаушыға тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетілуі, шарттық міндеттемелердің күші жойылған көлемі, сондай-ақ Шарттың күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Шарт жоғарыда аталған мән-жайларға байланысты бұзылған кезде, Орындаушы бұзу күнінде Шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлем талап етуге құқылы.

9.5. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

9.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

10. Хат-хабар

10.1. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуы тиіс кез келген хабарлама, есептер, сұрау салулар, талаптар, растаулар, келісімдер, нұсқаулар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-сымен қол қойылған және Орындаушының ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жіберілген хабарламаларды қоспағанда, факстік/электрондық нұсқасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын одан әрі ұсына отырып, электрондық пошта арқылы тапсырылуы тиіс. Егер Шартта Орындаушының электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Орындаушы оны Тапсырыс берушіге ұсынбаса, Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай Орындаушының ресми электрондық мекенжайы болып саналады. Осы Шарт бойынша немесе оған байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарт нөмірімен Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

10.2. Электрондық және/немесе тапсырыс хатпен, курьерлік поштамен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (оның бұрын алынғанын растау болмаған кезде) оны алғаны туралы белгі қойылып, тапсырылған сәтте жеткізілген болып саналады.

10.3. Тапсырыс (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып саналады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

10.4. Тараптар заңды мекенжайына, нақты мекенжайына және банктік деректемелеріне қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда, бір-біріне дереу жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

11. Шарттың мерзімі

11.1. Осы Шарт оған екі Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, диверсия, терроризм, мемлекеттік органдардың Қызметтер көрсетуге тыйым салатын немесе қандай да бір өзге де жолмен кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдары болып табылса, бұл мән-жайлар Тараптардың еркіне байланысты болмаса және Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпесе, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

12.2. Тараптардың кез келгені еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде, олар туындаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапты осы мән-жайлардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Бұл мән-жайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуы тиіс.

12.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары, сондай-ақ осы мән-жайлар туындатқан салдарлар әрекет еткен уақытқа созылады.

12.4. Шарттың 12.2-тармағында келісілген тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда аталған кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

12.5. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақыт бойы болса, онда Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуларды жүргізуге құқылы болады.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Тараптар арасында осы Шарттан туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

13.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуге жатады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Орындаушы келесі ескертпелердің кепілдіктерін сақтайды, атап айтқанда: мемлекетпен байланысты тұлға (болып табылады/болып табылмайды) және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызы бар тұлғалары (бар/жоқ). Орындаушы кез келген Саяси маңызы бар тұлға Орындаушының лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған не Орындаушыға тікелей немесе жанама қатысу үлесін алған барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді; заңсыз қандай да бір мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және заңды қаржыландыру көздері ғана бар: Орындаушы және оның Үлестес тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылмаған. Орындаушы егер Орындаушы немесе оның қандай да бір Үлестес тұлғалары осындай құқыққа қарсы әрекеттерді жасағаны үшін сотталса немесе кінәлі деп танылса, Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді. Орындаушы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) Іскерлік этика кодексімен және Тапсырыс берушінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында танысқанын растайды. Орындаушы ҚМГ Іскерлік этика кодексін және Тапсырыс берушінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетінін куәландырады.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

15.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

15.3. Осы бөлім Шарттың мәніне қатысты сот органдарының сұрау салуы бойынша және сот талқылауы барысында құпия ақпаратты ашу жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың талабы бойынша ашуға қолданылмайды.

15.4. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

16. Санкциялық ескертпе

16.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Орындаушы: (a) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (c) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

16.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Орындаушы екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Орындаушының осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

16.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/көрсетілетін қызметті тоқтатуға әкелуі мүмкін (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

16.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

16.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

16.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

16.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не иной другой валюте жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 16.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 16.5 және 16.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

16.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не иной другой валюте жүзеге асыру Өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Өнім берушіні бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны басқа валютада («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

16.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 16.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша Тараптар келіскен басқа елдің Ұлттық Банкі жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

17. Өзге де талаптар

17.1. Шарт қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жасалған және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның https://zakup.sk.kz/ электрондық сатып алулар веб-порталы арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының электрондық цифрлық қолтаңбаларымен қол қою арқылы жасалған, олар заңды күші бар қағаз жеткізгіште қол қойылған Шартқа тең. Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында әртүрлі оқу туындаған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі нұсқасы басым мәнге ие болады.

17.2. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және Шарттың 17.1-тармағының талаптарына сәйкес Тараптардың уәкілетті тұлғаларымен электрондық түрде қол қойылған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

17.3. Орындаушы Тапсырыс берушіні Қызметтер көрсету нәтижесінде үшінші тұлғалар шеккен залалды өтеуге арналған талап-арыздар мен наразылықтардан қорғайды, сондай-ақ Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлерінің меншігі мен денсаулығына залал келтіруге немесе зиян келтіруге, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза табуына байланысты және Шартты орындау кезінде және соның салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

17.4. Тараптар арасында Шартта көзделмеген жаңа міндеттемелерге әкеп соғатын кез келген уағдаластық, егер ол Шарттың 17.1-тармағының талаптарына сәйкес Тараптармен уәкілетті өкілдері қол қойған қосымша келісім түрінде расталса, жарамды деп есептеледі.

17.5. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған және реттеледі. Шарттың талаптарын орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

17.6. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

17.7. Шарттың және Қосымшалардың мәтіндерін түсіндіруде қандай да бір сәйкессіздіктер, келіспеушіліктер болған жағдайда, Шарттың мәтіні басым күшке ие болады.

17.8. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар: 1) Қосымша №1 – Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің тізімі; 2) Қосымша №2 – Техникалық сипаттама; 3) Қосымша №3 – Ел ішіндегі құн үлесі туралы есеп формасы; 4) Қосымша №4 – Қызмет көрсету кестесі; 5) Қосымша №5 – Мердігер ұйымдарға арналған еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған орта талаптары; 6) Қосымша №6 – Еңбек қатынастарына арналған тексеру парағы; 7) Қосымша №7 – Экологиялық есеп формалары; 8) Қосымша №8 – ЕҚ, ЕҚЖ және ҚОС саласындағы келісімшарт; 9) Қосымша №9 – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған орта; 10) Қосымша №10 – «Төлем шоты/инвойс формасы»; 11) Қосымша №11 – «Қызметкерлер туралы ақпаратты ұсыну формасы»; 12) Қосымша №12 – Қызметкерлерге қатысты резидент еместің кепілдік формасы; 13) Қосымша №13 – Сауалнама парағы; 14) Қосымша №14 – «Резидент емес тарапынан растайтын хат формасы»; 15) Қосымшалар №15-17 – Резидент еместерге арналған анкета.

18. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ	_____
Астана қ., Есіл ауданы, көшесі Дінмұхамед Қонаев, ғимарат 8, т.е.б. 1	_____
	_____
БСН 020240000555	БСН _____
БСК HSBKKZKX	БСК _____
ЖСК KZ356010111000002033	ЖСК _____
АО “Народный Банк Казахстана”	_____
Тел.: +7 (717) 278-6180	Тел.: _____
_____ _____	_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	ТЖҚЖС санаттың атауы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
2 У	Жүкті аралас тасымалдау бойынша қызмет көрсетулер, Көліктің әр түрлерімен жүкті тасымалдау бойынша қызметтер.		Көліктің әртүрлі түрлерімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтер	1.000	1.000	-		1 089 190.8	ҚАЗАҚСТАН, ҚР барлық аумағы	-	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Шарттың №3
қосымшасы**

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

